

Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттаманың ережелерін жүзеге асыру жөнінде Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы баяндаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 15 қазандағы N 1033 Қаулысы

2001 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы ратификациялаған Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттаманың 8-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттаманың ережелерін жүзеге асыру жөнінде Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы баяндама бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі белгіленген тәртіппен Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттаманың ережелерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы баяндаманы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары жөніндегі комитетіне жіберсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

БІРІККЕН ҰЛТТАР ҰЙЫМЫ

Бала құқықтары жөніндегі комитет

Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттама

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

**Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттаманың ережелерін жүзеге асыру жөнінде
Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы
баяндама**

Осы баяндама 2001 жылғы 4 шілдеде Қазақстан Республикасы ратификациялаған Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты

Факультативтік хаттаманың 8-бабының 1-тармағына
сәйкес ұсынылған
А с т а н а қ а л а с ы
2005 жыл
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 5 қ а з а н д а ғ ы
N 1 0 3 3 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

**Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы
жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік
хаттаманың ережелерін жүзеге асыру жөнінде
Қазақстан Республикасы қабылдаған шаралар туралы
баяндама**

Кіріспе

1. Осы баяндаманы мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - ҚР БҒМ) д а й ы н д а д ы .

Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттама жөніндегі баяндаманы (бұдан әрі - Факультативтік хаттама) Бала құқықтары жөніндегі комитеттің күтілетін ұсынымдарымен бірге көрсетілген мемлекеттік органдар тарататын болады.

2. Қазақстан Республикасы ратификациялаған Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттама ұлттық заңнаманың алдында басымдыққа ие, өйткені Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 3-тармағына сәйкес:

"Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады".

3. Факультативтік хаттаманы жүзеге асыру жөніндегі құзыретке мына мемлекеттік органдар ие: Білім және ғылым министрлігі, Сыртқы істер министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Денсаулық сақтау министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Бас Прокуратура, Қазақстан Республикасы

Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері ұлттық комиссиясы.

4. Ата-аналарды қоса алғанда, жұртшылық арасында факультативтік хаттаманың ережелері туралы ақпарат Қазақстанда бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықаралық, республикалық конференцияларда, дөңгелек үстелдерде, семинарлар мен тренингтерде таратылды.

Қазақстанда Факультативтік хаттама ережелеріне қатысты мәселелерде құзыреті жеткілікті мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдар бар.

Факультативтік хаттаманың жүзеге асырылуы барысын кезеңдік бағалауды жүргізуге арналған тетіктер мен рәсімдер әлі толық жасалмаған. Қазақстан Республикасында Факультативтік хаттаманың ережелерін Қорғаныс, Ішкі істер, Білім және ғылым, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрліктері іске асырады.

1-бап

Қатысушы мемлекеттер өздерінің қарулы күштерінің 18 жасқа толмаған әскери қызметшілерінің соғыс іс-қимылдарына тікелей қатыспауын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайды.

5. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345-ІІ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасында 18 жасқа толмаған балалардың соғыс қимылдарына қатысуын болдырмау жөніндегі шаралар айқындалған.

41-бап. Баланы соғыс қимылдарына қатыстыруға тыйым салу

Баланы соғыс қимылдарына, қарулы жанжалдарға тартуға, балалардың әскерилендірілген құрамаларын құруға тыйым салынады.

2-бап

Қатысушы мемлекеттер 18 жасқа толмаған адамдардың олардың қарулы күштеріне міндетті түрде шақырылмауын қамтамасыз етеді.

6. Әскери міндет халықты республиканы қорғауға дайындау мақсатында Қазақстан Республикасының Конституциясында белгіленеді.

3 б - б а п .

1. Қазақстан Республикасын қорғау - оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті.

2. Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады.

7. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 74-III ҚРЗ Заңына сәйкес он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі, кейінге қалдыру немесе шақырудан босатылу құқығы жоқ азаматтар Қарулы Күштерді, басқа да әскерлер мен әскери құрамаларды жасақтау үшін қажетті санда Қазақстан армиясына шақырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке заңсыз түрде шақырғаны үшін жауапкершілік көзделген.

23-бап. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру

1. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде жүргізіледі. 18-ден 27 жасқа дейінгі шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ азаматтар мерзімді әскери қызметке шақыруға жатады.

8. Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңына сәйкес міндетті әскери қызметке қабылдау үшін жас шамасын белгілейтін құжаттар (Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 3 қазандағы N 2477 Заң күші бар Жарлығымен енгізілген өзгерістермен бірге) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі не паспорты болып табылады.

3-бап

1. Қатысушы мемлекеттер Баланың құқықтары туралы конвенцияның 38-бабының 3-тармағында қамтылған қағидаттарды ескере отырып және Конвенцияға сәйкес 18 жасқа толмаған адамдардың ерекше қорғалуға құқығы бар екендігін тани отырып, осы бапта көрсетілген жаспен салыстырып қарағанда, олардың ұлттық қарулы күштеріне ерікті түрде шақырылатын адамдардың ең төменгі жасын ұлғайтады.

2. Осы Хаттаманы ратификациялау немесе оған қосылу кезінде әрбір қатысушы мемлекет оның ұлттық қарулы күштеріне ерікті түрде шақыруға жол берілетін ең төменгі жас мөлшері көрсетілетін және мұндай шақыруда күш қолдану немесе мәжбүрлеу сипатының болмауын қамтамасыз ету үшін мемлекет қабылдаған кепілдіктер жазылатын міндетті сипаттағы өтінішті сақтауға тапсырады.

3. 18 жасқа толмаған адамдарды олардың ұлттық қарулы күштеріне ерікті түрде шақыруға жол беретін қатысушы мемлекеттер тым болмағанда, мыналарды:

мұндай шақыру шынында да ерікті сипатта болуын;

мұндай шақыру осы адамның ата-анасының немесе заңды қамқоршыларының саналы түрдегі келісімімен жүргізілуі;

мұндай адамдар осындай әскери қызметті атқаруына байланысты міндеттері туралы толық деңгейде мағлұмат алуын;

мұндай адамдар оларды ұлттық әскери қызметке қабылданғанға дейін өздерінің жасы туралы шынайы куәліктерді ұсынуын қамтамасыз ететін кепілдіктер береді.

4. Әрбір қатысушы мемлекет кез келген сәтте Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының атына тиісті хабарлама жіберу жолымен өз өтінішінің жағдайын жақсартта алады, ол бұл туралы барлық қатысушы мемлекеттерді хабардар етеді. Мұндай хабарлама оны Бас хатшы алған күннен бастап күшіне енеді.

5. Осы баптың 1-тармағында қамтылған жас мөлшерін ұлғайту туралы талап Баланың құқықтары туралы конвенцияның 28 және 29-баптарына сәйкес қатысушы мемлекеттердің қарулы күштерінің қарамағында немесе бақылауында болатын оқу орындарына қолданылмайды.

9. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345-ІІ Заңына сәйкес баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы регламенттелген.

10-бап. Баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы

1. Әрбір баланың өмір сүруге, жеке басының бостандығына, қадір-қасиетіне және жеке өміріне қол сұғылмауға құқығы бар.

2. Мемлекет баланың жеке басына ешкімнің тиіспеуін қамтамасыз етеді, оны тәнін және (немесе) жанын жәбірлеуден, адамдық қадір-қасиетін қатыгездікпен, дөрекілікпен қорлаудан, кемсітуден, жыныстық қатынас сипатындағы әрекеттерден, баланы қылмыстық іс-әрекетке және қоғамға жат әрекеттер жасауға тартудан және оны адам мен азаматтың Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтары мен бостандығына қысым жасаудың өзге де түрлерінен қорғауды жүзеге асырады.

10. "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (2005 жылғы 8 шілдедегі N 74-ІІІ ҚРЗ) Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеті мен әскери қызметіне қатысты қоғамдық қатынастарды реттейді.

11. Қазақстан заңнамасында әскери қарулы күштер қатарына тек 18 жастан бастап шақыру көзделген және азаматтарды мерзімді әскери қызметке заңсыз түрде шақырғаны үшін жауапкершілік көзделген.

12. Қазіргі уақытта Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының атына тиісті хабарлама жіберу қажеттілігі жоқ.

13. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадет корпусын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 1 шілдедегі N 3049 Жарлығына және "Генерал С.Қ. Нұрмағамбетов атындағы республикалық "Жас ұлан" мектебі" мемлекеттік мекемесін құру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 наурыздағы N 309 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы қарулы күштерінің бақылауымен 11 жастан бастап және одан үлкен жастағы балалар оқитын білім беру ұйымы жұмыс істейді.

Осы ұйымдардың негізгі міндеттері тегін міндетті жалпы орта білім беру, әскери істің негіздерін тереңдете оқыту, адам құқықтарын және негізгі бостандықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, жеке тұлғаны, таланттарды, балалардың ақыл-ой және физикалық қабілеттерін дамыту, сондай-ақ бейбітшілік, төзімшілдік, теңдік рухындағы саналы өмірге даярлау.

4-бап

1. Мемлекеттің қарулы күштерінен өзгеше қарулы топтар қандай жағдайда болсын 18 жасқа толмаған адамдарды соғыс қимылдарына тартпауға немесе пайдаланбауға т и і с .

2. Қатысушы мемлекеттер осындай практикаға тыйым салу және оны қылмыстық сипаттан арылту үшін қажетті құқықтық шараларды қабылдауды қоса алғанда, мұндай тарту мен пайдаланудың алдын алу мақсатында барлық ықтимал шараларды қ а б ы л д а й д ы .

3. Осы Хаттамаға сәйкес осы бапты қолдану қарулы жанжал тараптарының бір де бірінің заңды мәртебесін қозғамайды.

14. Қазақстан Республикасында 18 жасқа толмаған адамдарды жұмысқа тартуға және жалдауға тыйым салу жөнінде құқықтық шаралар айқындалған. Қылмыстық сотта іс жүргізу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің "Бейбітшілік пен адамзат қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар" деген 4-тараудың нормаларына негізделген.

1 6 2 - б а п .

Ж а л д а у

1. Жалдамалыны жалдануға азғырып көндіру, оқытып-үйрету, қаржыландыру немесе оны өзге материалдық қамтамасыз ету, сондай-ақ оны қарулы жанжалда немесе соғыс қимылдарында пайдалану - 4 жылдан 8 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдаланып немесе кәмелетке толмағанға қатысты ж а с а ғ а н д ә л с о л ә р е к е т т е р -

мүлкі тәркіленіп, немесе онсыз 7 жылдан 15 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Жалдамалының қарулы жанжалға немесе соғыс қимылдарына қатысуы - үш

жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, адам қазасына немесе өзге де ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер -

мүлкі тәркіленіп, он жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға не мүлкі тәркіленіп, өлім жазасына немесе мүлкі тәркіленіп, өмір бойы бас бостандығынан айыруға жазаланады.

15. Қазіргі уақытта мұндай проблема жоқ.

5-бап

Осы Хаттамадағы ештеңе де баланың құқықтарын жүзеге асыруға неғұрлым жоғары дәрежеде ықпал ететін қатысушы мемлекеттердің заңнамасында немесе халықаралық шарттарында және халықаралық гуманитарлық құқықта қамтылатын ережелерді жокқа шығару ретінде түсіндірілмейді.

16. Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасында "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345-ІІ Заң қабылданды.

Осы Заң балаларды қоғамдағы толыққанды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру қағидаттарын негізге ала отырып, бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясында, Қазақстан Республикасының Конституциясында баланың кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды р е т т е й д і .

17. Қазақстан Республикасы Парламентінің "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына

Жолдауында балалардың жағдайын жақсартуға арналған стратегиялық бағдарлар а й қ ы н д а л ғ а н .

Атап айтқанда, "Диспансерлік есепте тұратын және амбулаториялық деңгейде жеңілдік шарттары қолданылатын балалар мен жасөспірімдерді дәрі-дәрмекпен тегін қамтамасыз етуге, жоғары оқу орындары студенттерінің, кәсіптік орта білім беру ұйымдары оқушыларының стипендияларының мөлшерін ұлғайту, білім беру гранттарының санын ұлғайту тұлғаны және әрбір адамның бостандығын құрметтейтін, өзін-өзі асырауға жағдайы жоқтарға қамқорлық жасайтын, ана мен баланы қорғайтын қоғамды құрудағы стратегиялық маңызды мәселе болып табылады" деп көрсетіледі.

6-бап

1. Әрбір қатысушы мемлекет өзінің заңдық құзыреті шеңберінде осы Хаттаманың ережелерін тиімді жүзеге асыруды және қолдануды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті құқықтық, әкімшілік және өзге де шараларды қабылдайды.

2. Қатысушы мемлекеттер ересектер мен балалар арасында осы Хаттаманың қағидаттары мен ережелерін тиісті құралдармен кең ауқымда таратуды және насихаттауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттамаға қарамастан соғыс қимылдарына тартылған немесе пайдаланылып жүрген өздерінің заңдық құзыретіндегі адамдардың әскери қызметтен қайтарылуын немесе өзгеше жолмен босатылуын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдайды. Қатысушы мемлекеттер қажет болған жағдайда осы адамдардың тәні мен психологиялық жай-күйін, сондай-ақ оларды әлеуметтік кері ықпалдастыру мақсатында оларға барлық тиісті көмекті көрсетеді.

18. Қазақстан Республикасында осы Факультативтік хаттаманың ережелерін тарату мен насихаттау жөнінде жұмыс жүргізілуде.

Факультативтік хаттаманың ережелері қазіргі уақытта "Тұрмыс -тіршілік қауіпсіздігінің негіздері" атты мектеп курсына зерделенеді, төтенше жағдайлардың алдын алу және ондағы іс-әрекеттер, терроризмді, діни экстремизмді болдырмау жөнінде арнайы тақырыптар көзделген. Мысалы, "Терроризм - қазіргі заманның жаһандық проблемасы", "Діни және экстремистік ұйымдар мен олардың терроризммен байланысы", "Төтенше жағдайларда өзінді қалай ұстауың керек".

Осы құжатты тарату және насихаттау мақсатында әділет органдарының, сот, құқық қорғау органдарының өкілдерін, белгілі қоғам қайраткерлерін, мәдениет пен өнер қызметкерлерін тарта отырып, оқушылармен және олардың ата-аналарымен түсіндірулер, әңгімелер, дөңгелек үстелдер өткізіледі.

2005 жылғы ақпанда Ақмола облысында "Балдаурен" республикалық оқу-сауықтыру орталығының базасында өткізілген "Еуразия шеңбері" халықаралық форумында, республиканың әртүрлі өңірлерінен 300 баладан астам - жас журналист балалар жұртшылықтың назарын балалар мен жасөспірімдер проблемаларына аудару жөніндегі өздерінің шығармашылық тәжірибесімен алмасты.

Осы форумда балалар мен жасөспірімдер құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелерін нысаналы талқылау, әскери жанжалдар және халықаралық терроризм трагедиясын болдырмау үшін бейбітшілік пен зорлық-зомбылық көрсетпеу қағидаттарын жұртшылық санасына енгізу белгілі қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарының ұйымдастырушылық-ақпараттық қолдауы арқылы жүргізілді және "Егемен Қазақстан", "Казахстанская правда", "Новое поколение", "Экспресс-К", "Новости недели", "Аргументы и факты" және т.б. республикалық басылымдарда өзінің жалғасын тапты. Мысалы, "Новое поколение" газетінде "Үлкен қоңырау" атты арнаулы айдары бар, онда балалардың құқықтарын бұзу, балаларды сату, отбасы үлгісіндегі балалар үйлерінің жай-күйі, балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысы және тағы басқа проблемалар

қ о з ғ а л а д ы .

Қазақ радиосынан "Алақай", "Балалық шаққа саяхат", "Кешкі ертегі", "Почемучка", "Это целый мир" және басқа танымдық-ойын-сауық, дамыту және оқыту бағдарламалары ұдайы беріліп тұрады.

Республикалық телеарналарда бірқатар тұрақты түрде жұмыс істейтін "Контекст", "Собственное мнение" хабарлары бар, оларда балалардың жағдайын жақсарту, бейбітшілік пен қауіпсіздік мәселелері кеңінен жария етіледі.

Білім және ғылым министрлігі Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігімен бірлесіп, мемлекеттік жастар саясаты шеңберінде балалар, жастар мен жасөспірімдердің азаматтық тұрғыда қалыптасуы және әлеуметтік тұрғыдан өзін-өзі іске асыруы үшін құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға және нығайтуға бағытталған жұмыс жүргізуде. Сан алуан республикалық және өңірлік конкурстарды, олимпиадаларды, "Ашықтық, бейбітшілік және үміт нышандары", "Мен - Қазақстан Республикасының азаматымын", "Біздің планетада бейбітшілікті сақтаймыз" акцияларын өткізу дәстүрге айналды.

Республиканың барлық мемлекеттік білім беру ұйымдарында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды, осы мәселе бойынша мүдделі органдармен бірлескен жұмысты қамтамасыз ету үшін әр түрлі қоғамдық ұйымдар және ата-аналар директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, психолог, әлеуметтік педагог, мектеп инспекторы лауазымдарын енгізді. Бұл оқушылар мен жастар арасындағы ғана емес, сондай-ақ конференциялар, дәрістер өткізу жолымен ата-ана жұртшылығы арасында ағартушылық қызметті жандандыруға мүмкіндік берді.

БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясына сәйкес балалардың құқықтарын нақты қамтамасыз ету, елдің балалары мен ересек халқын құқықтық ағартуды жүзеге асыру, олардың білімін көтеру үшін Қазақстанның көптеген өңірлерінде "Ата-ана университеттері", "Балалардың қоғамдық қабылдау бөлмелері", "Отбасылық педагогикалық қонақ үйлер", "Сенім телефондары" сияқты жұмыс нысандары құрылды.

Республиканың білім беру ұйымдарында әр түрлі ұлт өкілдері арасында үрей мен соқыр сенімдерді таратудың алдын алу; халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайту жөніндегі іс-әрекеттерге жастардың қатысуын көтермелеу жөнінде белсенді жұмыс жүргізілуде.

19. Осындай норма Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабында көрсетілген: "Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады".

7-бап

1. Қатысушы мемлекеттер осы Хаттаманы жүзеге асыру ісінде, оның ішінде Хаттамаға қайшы келетін кез келген қызметтің алдын алу ісінде және осы Хаттамаға қайшы келетін іс-қимылдардың құрбандары болған адамдарды оқыту және оларды әлеуметтік ортаға қайта ықпалдастыру ісінде, оның ішінде, техникалық ынтымақтастық пен қаржылық көмек көрсету арқылы ынтымақтасатын болады. Мұндай көмек пен ынтымақтастық мүдделі қатысушы мемлекеттермен және тиісті халықаралық ұйымдармен консультацияда жүзеге асырылатын болады.

2. Осындай көмекті жүзеге асыруға мүмкіндігі бар қатысушы мемлекеттер мұндай көмекті қазіргі көп жақты, екі жақты немесе өзге де бағдарламалар шеңберінде немесе, атап айтқанда, Бас Ассамблеяның ережелеріне сәйкес құрылған ерікті жарналар қоры арқылы көрсетеді.

20. Қазақстан Республикасын қарулы жанжалдардың балаларға кең ауқымды әсер етуі алаңдатып отыр және ол балабақшалар, мектептер, ауруханалар сияқты объектілерге қол сұғу әрекеттерін айыптайды.

Қарулы жанжалдар кезеңінде балаларды қорғау бүгінгі күні ерекше көкейтесті
б о л ы п о т ы р .

Қазақстан Республикасы қарулы жанжалдардың құрбаны болған балаларға құқықтық және шұғыл көмек көрсету бойынша Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйыммен белсенді ынтымақтасуда.

2005 жылы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің деректері бойынша республикада 600 босқын тіркелген, олардың 248-і-балалар.

Қазақстан босқын балаларды қорғау және оларға қажетті көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдауда. Мысалы, Ауғаныстанның босқын балалары үшін Алматы қаласында балабақша және мектеп ашылған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 12-бап . II бөлім "Адам және азамат".

1. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі.

2. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады.

3. Республиканың азаматы өзінің азаматтығына орай құқықтарға ие болып,
міндеттер атқарады.

4. Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады.

5. Адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруы

басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

21. "Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы" 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345-ІІ Заң босқын балалардың және амалсыз қоныс аударушылардың құқықтарын қорғау мәселелерін реттейді.

"Тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің 2005 жылға арналған тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1348 қаулысына сәйкес шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға, оның ішінде балаларға кепілдендірілген тегін медициналық көмек көрсету көлемінің тізбесіне шұғыл айғақтар бойынша, егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, сондай-ақ айналадағылар үшін қауіп төндіретін аурулар кезінде, медициналық көмек көрсету кіреді.

47-бап. Босқын және амалсыз қоныс аударушы балалардың құқықтарын қорғау

1. Босқын және амалсыз қоныс аударушы балалардың өз мүдделерінің қорғалуына қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2. Баланың тұрып жатқан жеріндегі қорғаушы және қамқоршы органдар, аумақтық көші-қон қызметтері ата-ананың не өзге де заңды өкілдерінің бар екендігі және олардың тұратын жері туралы мәліметтер алуға жәрдемдеседі, қажет болған жағдайда баланы емдеу-профилактикалау немесе бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларын жүзеге асыратын өзге де ұйымдарға орналастырады.

22. Қазақстан Республикасы Бала құқықтары туралы конвенцияға балалардың қарулы жанжалдарға қатысуына қатысты Факультативтік хаттама ережелерін сақтаудағы өзінің міндеттемелерін растайды.